

"Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 625 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕДЕДІ:**

«Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Занының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Казакстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАНЫ Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімді ратификациялау туралы**

2014 жылғы 12 қыркүйекте Душанбеде жасалған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісім ратификациялансын.

*Казакстан*

*Республикасының*

*Президенті*

*Бейресми аударма*

**Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

Тараптар мемлекеттерінің арасында өзара сенімді, достық қатынастарды және тең құқықты ынтымақтастықты нығайтуға үмттыла отырып, 2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы хартиясының мақсаттары мен қағидаттарын басшылықта ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің сыртқы сауда байланыстарын дамыту үшін сенімді және тиімді халықаралық автомобиль тасымалдарын қамтамасыз етудің маңыздылығын м о й ы н д а й

о т ы р ы п ,

казіргі тәжірибелің және тиісті халықаралық шарттардың негізінде жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары жағдайларын одан әрі жетілдіруге

ни ет

б ілдіре

отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің негізгі мақсаттары:  
халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау;  
халықаралық автомобиль тасымалдарын дамыту үшін Тараптардың күш-жігерін  
үйлестіру ;

Тараптардың халықаралық автомобиль тасымалдарына қатысты құжаттамасын, рәсімдері мен талаптарын женілдету және үйлестіру болып табылады.

## 2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:  
халықаралық автомобиль тасымалы - мемлекеттің шекарасын кесіп өту арқылы және (немесе) Тараптардың жоқ дегенде біреуінің мемлекетінің аумағы арқылы жүктерді немесе жолаушыларды көлік құралдарымен тасымалдау;  
тасымалдаушы - Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген және осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат берілген жеке немесе заңды тұлға;  
жүргізуші - Тарап мемлекетінің құзыретті органы көлік құралын жүргізуге рұқсат берген жеке тұлға ;

жүргізуші куәлігі - Тарап мемлекетінің құзыретті органы берген, жүргізушіге көлік құралын басқару құқығын беретін құжат;

рұқсат - Тарап мемлекетінің құзыретті органы берген, басқа Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралын осы Тарап мемлекетінің аумағында халықаралық автомобиль тасымалын орындау үшін пайдалану құқығын беретін құжат;

арнайы рұқсат - бір Тарап мемлекеті тасымалдаушысының ауыр салмақты, ірі көлемді немесе қауіпті жүгі бар көлік құралының өз аумағы арқылы жүріп өтуіне өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес рұқсат берген екінші Тарап мемлекетінің біржолғы рұқсаты ;

көлік

құралы :

жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдау үшін құрастырылған және соған арналған, жүргізушінің орнын қоса алғанда 9-дан

астам отыратын орны бар автокөлік құралы, оның ішінде заңнамасында багаж тасымалдауға арналған тіркемелерді пайдалануға тыйым салынбаған Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы тасымалдау кезінде осындай тіркемесі бар автокөлік

құралы;

жүктерді тасымалдау кезінде - жук автомобилін, тіркемесі бар жук автомобилін, автомобиль тартқышын және жартылай тіркемесі бар автомобиль тартқышын қоса алғанда, жүктерді тасымалдау үшін құрастырылған және соған арналған автокөлік құралы.

### **3-бап**

1. Тараптар осы Келісімге сәйкес тасымалдаушыларға Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарымен өз мемлекеттерінің аумағы арқылы халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға құқық береді.

2. Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген тасымалдаушының екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункттердің арасында көлік қуралымен жүктерді немесе жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға құқығы жоқ

### **4-бап**

1. Осы Келісімнің негізінде халықаралық автомобиль тасымалдары № 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттар бойынша және өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады. Бұл ереже халықаралық автомобиль тасымалдарын мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттарды және өткізу пункттерін немесе басқа маршруттар мен шекаралық өткізу пункттерін айқындаған жүзеге асыру мүмкіндігін көздейтін, Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын екіжақты және көпжақты халықаралық шарттардың қолданылуына әсер етпейді.

2. Мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттарға және (немесе) өткізу пункттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе мемлекеттерінің аумағы арқылы осындай маршруттар өтетін және (немесе) мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу пункттері орналасқан Тараптармен келісілгеннен кейін, осы Келісімнің 17-бабына сәйкес құрылатын Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бірлескен комиссия (бұдан әрі - Бірлескен комиссия) шенберінде қаралады.

### **5-бап**

Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын екіжақты немесе көпжақты халықаралық шарттарда халықаралық автомобиль тасымалдарын рұқсатсыз жүзеге асыру мүмкіндігі көзделетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық автомобиль тасымалдары № 2 қосымшаға сәйкес рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

## 6-бап

1. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын көлік құралдарының көлемдік және салмақтық, соның ішінде білікке түсетін жүктемелері және басқа да параметрлері аумағы арқылы осындай тасымал орындалатын Тарап мемлекеті заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Егер жүксіз келе жатқан немесе жүк тиелген көлік құралының көлемі немесе салмағы осы көлік құралын пайдалана отырып, аумағы арқылы халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыру болжанып отырған Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген нормадан асып кететін жағдайда, тасымалдауши осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы Тараптың құзыретті органдарының арнайы рұқсатын алдын ала алуға тиіс.

## 7-бап

1. Осы Келісім негізінде тасымалдарды жүзеге асыру кезінде бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы басқа Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелетін:

а) көлік құралының әрбір үлгісі үшін дайындаушы зауыт көздеген, қозғалтқыштың қуат алу жүйесімен технологиялық және конструкциялық байланысқан сыйымдылықтардағы жанармай, сондай-ақ дайындаушы зауыт тіркемелер мен жартылай тіркемелерге орнатқан және осы көлік құралының жылу беру немесе салқыннатқыш қондырғыларының жұмысына арналған сыйымдылықтардағы жанармай ;

б) тасымалдау кезінде көлік құралын пайдалану үшін қажетті көлемдегі жағармай материялдары ;

в) халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралы жолда бұзылған кезде оны жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар кеден алымдарынан, баждардан және салықтардан өзара түсіністік шарттарымен босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының в) тармақшасында көрсетілген пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар кері әкетілуге тиіс. Ауыстырылған қосалқы бөлшектер кері әкетілуге немесе осы қосалқы бөлшектерге қатысты аумағында кедендейк рәсімі (режимі) өзгертуліп отырған Тарап мемлекетінің кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен кедендейк жою рәсіміне (режиміне) немесе өзге де кедендейк рәсімге (режимге) орналастырулуга тиіс.

## **8-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары халықаралық автомобиль тасымалдарын осы Келісімнің шенберінде жүзеге асыру кезінде көлік құралдарын иеленумен немесе пайдаланумен, сондай-ақ екінші Тарап мемлекетінің автомобиль жолдарын пайдаланумен немесе күтіп-ұстаудан байланысты алымдар мен төлемдерді екінші Тарап мемлекетінде төлеуден өзара түсіністік шарттарымен босатылады.

2. Көрсетілген төлемдерден босатудың ақылы жолдарды, көпірлерді және тоннельдерді пайдаланғаны үшін кемсітпеушілік негізде алынатын алымдар мен төлемдерге қатысы жоқ.

## **9-бап**

Осы Келісімнің негізінде халықаралық автомобиль тасымалдары тасымалдау орындалатын Тарап мемлекетінің аумағында үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру туралы қолданыстағы куәлігі болған жағдайда жүзеге асырылады.

## **10-бап**

1. Көлік құралын жүргізушиңің өз мемлекетінің құзыретті органы берген және халықаралық автомобиль тасымалдары үшін пайдаланылатын көлік құралының санатына қатысты жарамды болып табылатын жүргізуши куәлігі, сондай-ақ осы көлік құралына берілген тіркеу құжаттары болуға тиіс. Көрсетілген құжаттардың қытай және (немесе) орыс тіліндегі куәландырылған аудармасы қоса берілуге тиіс.

2. Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін пайдаланылатын көлік құралының өзі тіркелген мемлекеттің тіркеу белгілері (нөмірлері) және айырым белгілері болуға тиіс.

3. Жүк автомобильдерінің, автомобиль тартқыштарының және автобустардың (егер аумағы арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында багажға арналған тіркемелері бар автобустарды пайдалануға тыйым салынбаған болса) Тараптардың бірінің мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері болған кезде, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің де тіркеу және айырым белгілері б о л у ы

мұмкін.

4. Тараптардың басқа мемлекеттерінің құзыретті органдары берген жүргізуши куәліктерін, көлік құралын тіркеу құжаттарын және тіркеу белгілерін әрбір Тарап жарамды деп таниды.

## **11-бап**

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсат және басқа да құжаттар көлік құралы жүргізушісінде болуға және Тараптар мемлекеттерінің құзыретті бақылаушы органдарының талап етуі бойынша көрсетілуге тиіс.

12-бап

Халықаралық автомобиль тасымалдарын орындайтын тасымалдаушылар мен көлік құралдарының жүргізушілері осы Келісімнің ережелерін, сондай-ақ көлік құралы түрған Тарап мемлекетінің заңнамасын, соның ішінде жол қозғалысы ережелерін сақтауға міндетті. Оларды бұзған жағдайда, аумағында бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауаптылық туындайды.

13-бап

1. Қауіпті жүктөрді тасымалдау Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға, сондай-ақ аумағында осындай тасымалдар орындалатын Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
  2. Егер қауіпті жүктөрді тасымалдауды осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттарға немесе заңнамаға сәйкес жүзеге асыру үшін арнайы рұқсаттың болуы талап етілетін болса, тасымалдаушы бұл рұқсатты аумағы арқылы осы тасымалдау орындалатын Тарап мемлекетінің құзыретті органынан тасымалдауды жүзеге асыру басталғанға дейін алуда тиіс.
  3. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Бірлескен комиссияның шеңберінде өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қауіпті жүктөрдің тізбелерімен және оларды тасымалдау шарттары туралы ақпаратпен алмасады.

14-бап

1. Тараптар халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде визалар беру, шекаралық, кедендік, көліктік, фитосанитариялық және ветеринариялық бақылау мәселелерінде формальдылықтар мен рәсімдерді жеңілдетуге ниет етіп отыр.  
Осы формальдылықтар мен рәсімдерді жеңілдету бойынша нақты шараптар Тараптардың жеке келісімдерімен ресімделеді.
  2. Тараптар Бірлескен комиссияның шенберінде халықаралық автомобиль тасымалдарына қатысты құжаттаманы, рәсімдерді және талаптарды үйлестіру және оңайлату арқылы халықаралық автомобиль тасымалдарына арналған жағдайларды жетілдіру жөніндегі шараптарды қарастырады.
  3. Тараптар халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған халықаралық конвенцияларға қосылуда, сондай-ақ көрсетілген конвенцияларды колдануды тусіндіруде өзара жәрдемдеседі.

## **15-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің аумақтарын байланыстыратын автокөлік дәліздерін дамытудың бірлескен инвестициялық жобаларын әзірлеу және іске асыру үшін Тараптар мүмкіндіктерді іздестіру бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің аумақтарын байланыстыратын автокөлік дәліздерінің инфрақұрылымын дамытудың бірлескен бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге және іске асыруға Тараптар қатысады.

## **16-бап**

1. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап алпыс күн ішінде депозитарий арқылы Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімді іске асыру үшін жауапты құзыретті органдарының тізбесімен алмасады.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Бірлескен комиссия шеңберінде, соның ішінде Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасы туралы ақпаратпен, сондай-ақ халықаралық автомобиль тасымалдары саласындағы басқа да ақпаратпен алмасады.

## **17-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде Бірлескен комиссия құрады.

2. Бірлескен комиссияның қызметімен байланысты міндеттер, жұмыс жүргізу аясы, функциялары, құрамы және басқа да мәселелер № 3 қосымшага сәйкес айқындалады.

## **18-бап**

Осы Келісімге № 1-3 қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## **19-бап**

Осы Келісіммен және оған № 1-3 қосымшалармен реттелмеген мәселелер аумағы арқылы халықаралық автомобиль тасымалы жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің заңнамасына және халықаралық шарттарына сәйкес реттеледі.

## **20-бап**

1. Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттардан туындаитын Тараптар мемлекеттерінің құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің арасындағы екіжақты немесе көпжақты халықаралық шарттарда халықаралық автомобиль тасымалдары үшін көзделген неғұрлым қолайлышталаптар өз күшін сақтайды.

## 21-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 22-бап

Әрбір Тарап депозитарийге Келісімнен шығу ниеті туралы жазбаша хабарламаны шығатын күніне дейін кемінде 6 ай бұрын жіберу арқылы осы Келісімнен шыға алады.

## 23-бап

1. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжат беру арқылы қосылуға ниет білдірген кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

2. Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшесі болып табылатын қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап  
30                    күн                    өткен                    соң                    күшіне                    енеді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүшесі болып табылмайтын қосылатын мемлекет үшін осы Келісім Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше мемлекеттерінің осындай қосылуға келісетіндігі туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 24-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

## 25-бап

Осы Келісімнің және оның қосымшалары ережелерінің кез келгеніне қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

## 26-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер және консультациялар арқылы шешіледі.

27-бап

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы осы Келісімнің депозитарий болып табылады, ол Тараптарға оның расталған көшірмелерін жібереді.

20 \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

## Қазақстан Республикасының

*Y κ i m e t i*      *y i n*

# *Қытай Халық Республикасының*

*Y k i m e t i*      *y i n*

## *Қырғыз Республикасының*

*Y k i m e t i*      *y i n*

*Y k i M e t i*      *Y III i H*

# Тәжікстан Республикасының

*Y k i m e t i*      *y i n*

# Өзбекстан Республикасының

## *Yкіметі үшін*

Шанхай	ынтымактасық	ұйымына
мүше	мемлекеттердің	үкіметтері
арасындағы	халықаралық	автомобиль
тасымалдары	үшін	қолайлы
жасау	туралы	жағдайлар
№ 1 қосымша	келісімге	

Халықаралық автомобиль тасымалдарына арналған мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттар және өткізу пункттері 1-тармақ

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімнің шеңберінде халықаралық автомобиль тасымалдары мынадай мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттар бойынша және өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады:

1) Барнаул - Веселоярск (Ресей Федерациясы)/ Ауыл (Қазақстан Республикасы) - Семей - Бақты (Қазақстан Республикасы)/ Бахту (Қытай Халық Республикасы) - Тачэн - Күйтүн - Y p i m s i .

Көрсетілген маршруттың ашылуы 2020 жылдан кешіктірілмейді;

2) Санкт-Петербург - Орынбор - Сагарчин (Ресей Федерациясы) / Жайсан (Казақстан Республикасы) - Ақтөбе - Қызылорда - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас (

Қазақстан Республикасы) / Хоргос (Қытай Халық Республикасы) - Үрімші -  
Ляньюнъган.

Көрсетілген маршруттың ашылуы 2020 жылдан кешіктірілмейді;

3) Үрімші - Қашғар - Қарасу (Қытай Халық Республикасы)/Кульма (Тәжікстан Республикасы) - Мургаб - Хорог - Душанбе (Вахдат).

Хорог - Душанбе (Вахдат) участкесінің ашылуы 2018 жылдан кешіктірілмейді;

4) Үрімші - Хоргос (Қытай Халық Республикасы)/ Қорғас (Қазақстан Республикасы) - Алматы - Тараз - Шымкент - Қонысбаев (Қазақстан Республикасы)/ Яллама (Өзбекстан Республикасы) - Чиназ.

Көрсетілген маршруттың ашылуы 2020 жылдан кешіктірілмейді.

5) Кант - «Ақ-Тілек» АӨП (Қыргыз Республикасы) / Қарасу (Қазақстан Республикасы) - Тараз - Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Жайсаң (Қазақстан Республикасы) / Сагарчин (Ресей Федерациясы) - Орынбор - Санкт-Петербург.

Көрсетілген маршруттың ашылуы 2020 жылдан кешіктірілмейді.

6) Ат-Башы - Торугарт (Қыргыз Республикасы) / Туругарт (Қытай Халық Республикасы) - Қашғар - Үрімші - Ляньюнъган.

Көрсетілген маршруттың ашылуы 2020 жылдан кешіктірілмейді.

## **2-тармақ**

Кез келген Тарап осы Тарап мемлекетінің аумағында оның ұлттық немесе көліктік қауіпсіздігін қозгайтын төтенше жағдайлар туындаған кезде осы Қосымшада көзделген мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттардың және (немесе) өткізу пункттерінің пайдаланылуын толықтай немесе ішінара уақытта тоқтата тұруы мүмкін. Мұндай Тарап басқа Тараптарға және Халықаралық автомобиль тасымалдарына қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бірлескен комиссияға осындай тоқтата тұру туралы мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабарлайды және жағдай қалпына келісімен тоқтата тұруды алып тастайды.

Шанхай	ынтымақтастық	ұйымына
мұше	мемлекеттердің	үкіметтері
арасындағы	халықаралық	автомобиль
тасымалдары	үшін	қолайлы
жасау	келісімге	жағдайлар
№ 2 қосымша		

## **Халықаралық автомобиль тасымалдарына берілетін рұқсаттар 1-тармақ**

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мұше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) шенберінде Тараптар Келісімге № 1 қосымшада көзделген

келісілген маршруттар бойынша жүк тасымалдарын жүзеге асыру үшін қоса беріліп отырған үлгідегі рұқсатты қабылдайды. Осы рұқсат күнтізбелік бір жылдың ішінде бір сапарды әрі-бері орындау үшін жарамды болады.

Тараптар Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлар жасау жөніндегі бірлескен комиссия (бұдан әрі - Бірлескен комиссия) шеңберінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына рұқсаттың көрсетілген үлгісіне өзгерістер енгізуге, сондай-ақ халықаралық автомобиль тасымалдарының басқа түрлері үшін рұқсаттардың үлгілерін әзірлеуге және бекітуге үәкілеттік береді.

## **2-тармақ**

Рұқсаттар квотасы Бірлескен комиссияның шеңберінде айқындалады.

## **3-тармақ**

Тараптар Бірлескен комиссияға рұқсат бланкілерін әзірлеу және оларды Тараптарға белгіленген квоталарға сәйкес беру жөніндегі өкілеттіктерді береді.

## **4-тармақ**

Тараптардың әрқайсысы рұқсаттарды беру жөніндегі ұлттық органды айқындейды және бұл жөнінде Бірлескен комиссияны және басқа Тараптарды хабардар етеді.

## **5-тармақ**

Тараптардың әрқайсысы рұқсаттарды беру жөніндегі үәкілетті ұлттық орган арқылы өз мемлекетінің аумағында тіркелген тасымалдаушыларға Келісімнің ережелеріне және тиісті мемлекеттің заңнамасына сәйкес рұқсаттарды береді.

## **6-тармақ**

Рұқсат толығымен және түзетулерсіз толтырылады. Кері тасымалдау туралы ақпарат кері тасымалдау кезіндегі рұқсатқа енгізілуі мүмкін.

## **7-тармақ**

Рұқсаттар рұқсатта көрсетілген күнтізбелік жылдың шегінде пайдаланылуға тиіс және олар рұқсат берілген Тарап мемлекетінің аумағына көлік құралы кері қайтқанға дейін жарамды болады, бірақ кез келген жағдайда келесі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірілмей пайдаланылуы керек.

## **8-тармақ**

Рұқсатты атавы рұқсатта көрсетілген тасымалдаушиның ғана пайдалануына болады және үшінші тұлғаға берілмейді.

## **9-тармақ**

Жасанды рұқсат пайдаланылған немесе рұқсат үшінші тұлғаға берілген жағдайда, бұл фактіні анықтаған құзыретті бақылаушы орган жасанды немесе үшінші тұлғаға берілген рұқсатты дерек алғып қояды және оны өз мемлекетінің рұқсаттарды беру жөніндегі ұлттық органына жібереді. Егер соңғысы алғып қойылған рұқсатта көрсетілген орган болып табылмаса, ол осы рұқсатты атавы рұқсатта көрсетілген органға береді.


## **10-тармақ**

Рұқсат жоғалған жағдайда, тасымалдаушы бұл туралы өз мемлекетінің рұқсаттар беру жөніндегі ұлттық органына мүкіндігінше қысқа мерзімде хабарлайды.

Тасымалдаушидан рұқсаттың жоғалуы туралы ақпаратты алған ұлттық орган мұндай жоғалту туралы Бірлескен комиссияны, сондай-ақ рұқсаттарды беру жөніндегі басқа да ұлттық органдарды жоғалған рұқсаттың нөмірін көрсете отырып, дерек хабардар етеді.

## **11-тармақ**

Рұқсаттың бланкісі ол арқылы маршрут өтетін мемлекеттің аумағында қолданылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымының ресми тілінде (тілдерінде) толтырылады.



## 国际道路运输许可证

### Халықаралық автомобиль тасымалына арналған рұқсат

编号(国家代码) :

Сериясы №.: (Елдің коды ) 00000000



本许可证根据《上海合作组织成员国政府间国际道路运输便利化协定》签发。

Осы рұқсат Шанхай ынтымактастық үйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімге сәйкес берілді

年度 : (年份)

Жыл: (жылы көрсетілсін)

签发机关印章、负责人签字

<p>1.承运人单位名称及详细地址</p> <p>Тасымалдаушының атауы және мекенжайы</p>			
<p>2.货车/拖车牌号/国家</p> <p>Жүк автомобилінің/тартақтың ың немір (тіркеу) белгісі №/елі</p>	<p>3.货车/拖车型号/目 重(公斤) Жүк автомобилінің/тартақтың моделі және салығы (кг)</p>	<p>4.挂车牌号/国家/自重(公斤) Түркіменің/жарылай тұрағыменің нөмір (тіркеу) белгісі/ел/салығы (кг)</p>	
<p>5.货物(品名)概述及毛重 (公斤) Жүктің кыскаша (атауы) сипаты және жүктің брutto салығы (кг)</p>	<p>(1)去程 Арыз:</p> <p>(2)返程 Беріз:</p>		
<p>6.将使用的线路 Пайдаланылатын маршруттар</p>	<p>(1)线路号 Маршрут №: (2)起自/卡达: 出/进卡达:</p>		
	(1)出境 Шығу	(2)入境 Кіру	

Рұқсатты берген органдың колы және мөрі

(当事方主管机关负责人签字)

(当事方主管机关印)

(Тараттын уәкілдегі органдың колы және мөрі)

时间：

Күні:

地点：

Орны:

	入境 Kipу	出境 Шығу
8.过境/抵达国口岸查验机关检查签章 Бақылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бақылау органдың колы /мөрі	时间： Күні: 地点： Орны:	时间： Күні: 地点： Орны :
9.过境/抵达国口岸查验机关检查签章 Бақылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бақылау органдың колы /мөрі	时间： Күні: 地点： Орны:	时间： Күні: 地点： Орны :
10.过境/抵达国口岸查验机关检查签章 Бақылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бақылау органдың колы /мөрі	时间： Күні: 地点： Орны:	时间： Күні: 地点： Орны :

<b>7.本国口岸查验机关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және жөнелтуші елдің бакылау органдың колы /мері	时间 : Күні: 地点 : Орны :	时间 : Күні: 地点 : Орны :
---	---------------------------------	---------------------------------

	入境 Kipy	出境 Шығу
<b>13.过境/抵达国口岸查验机关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органдың колы /мері	时间 : Күні: 地点 : Орны :	时间 : Күні: 地点 : Орны :
<b>14.过境/抵达国口岸查验机关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органдың колы /мері	时间 : Күні: 地点 : Орны :	时间 : Күні: 地点 : Орны :
<b>15.过境/抵达国口岸查验机关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органдың колы /мері	时间 : Күні: 地点 : Орны :	时间 : Күні: 地点 : Орны :

<b>11.过境/抵达国口岸查验机 关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органының қолы /мері	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:
<b>12.过境/抵达国口岸查验机 关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органының қолы /мері	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:

编号(国家代码) : Сериясы №: (Елдің коды) 00000000

<b>16.过境/抵达国口岸查验机 关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органының қолы /мері	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:
<b>17.过境/抵达国口岸查验机 关检查签章</b> Бакылаудан ету туралы белгі және межелі/транзиттік елдің бакылау органының қолы /мері	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:	<b>时间 :</b> Күні: <b>地点 :</b> Орны:



1、本许可证适用于沿下述任一线路或部分线路和通过任一国境口岸的在上合组织成员国领土内的货物运输：

(商定 的线路和国境口岸 )

注：上述指定的线路和国境口岸不影响部分上述国家参加的不限定或规定了其它线路和国境口岸的双边和多边国际道路运输协定的适用。

2、本许可证不得用于在一国境内的两点间的道路运输。

3、本许可证只供列名的承运人使用，不得转让给第三者使用。

4、许可证应填写完整，不得修改。有关返程运输的信息可在返程运输时填写。

5、使用伪造许可证将依法追究责任。

6、许可证在许可证内标明的一个公历年内有效直至车辆返回到该许可证签发当事方领土，但无论如何不应晚于次年一月三十一日

7、本许可证必须随车携带，并由司机根据查验机构的要求出示。

8、承运人在当事各方国土上应遵守当地国家法律

#### Рұксатты колдану жөніндегі нұсқаулық

1. Осы рұксат мемлекеттік шекаралары арқылы мынадай маршруттардың немесе маршруттар белгілінген кез келген бойынша және мына еткізу пункттерінің ке жүктеді тасымалдау үшін колданылады:

(Мемлекеттік шекаралары арқылы келісілген маршруттар және еткізу пункттері)

Ескерте: Жоғарыда аталған мемлекеттік шекаралары арқылы маршруттар және еткізу пункттері жоғарыда көрсетілген елдердің хейбірлеулері катысуышыла табылатын, халықаралық автомобиль тасымалдары шектеулесіз мемлекеттік шекаралар арқылы маршруттар мен еткізу пункттері бойынша немесе мемлекеттік шекаралар арқылы басқа маршруттар бойынша немесе басқа еткізу пункттері арқылы жүзеге асыру мүмкіндігін көздөйтін сікі немесе көпжакты шарт ережелерін колдануды көзгөмайды.

2. Осы рұксатты бір елдін аумағындағы екі пункттің арасында тасымалдаулар үшін пайдалануға болмайды.

3. Осы рұксат онда көрсетілген тасымалдаушыға берілген және оны үшінші тұлғага беруге болмайды.

4. Рұксат толық және түзетулерсіз толтырылады. Кері тасымалдау туралы акпарат рұксатта кері тасымалдау кезінде сингізіле алады.

5. Жасанды рұксатты пайдалану заңнамаға сәйкес жауапкершілікке экеп соктырады.

6. Осы рұксат рұксатта көрсетілген күнтізбелік жыл шектерінде пайдаланылуы тиіс және рұксат берілген Тарал мемлекеттің аумағына көлік құралы оралғанға келген жағдайда келесі жылдың 31 кантарынан кешіктірмей жарамды болып қалады.

7. Осы рұксат автомобилік құралының бортында болуы және оны жүргізуі құрылғынан көрсетуі тиіс.

8. Тасымалдаушылар аумағы бойынша тасымалдау жүзеге асырылатын Тарал мемлекеттің үлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

Шанхай

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҰЙЫМЫНА

мұше

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ

ҰКІМЕТТЕРІ

арасындағы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

АВТОМОБИЛЬ

тасымалдары

УШІН

ҚОЛАЙЛЫ

ЖАҒДАЙЛАР

жасау

туралы

КЕЛІСІМГЕ

№ 3 қосымша

**Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бірлескен комиссияның жұмыс жүргізу шенбері 1-тармақ**

Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бірлескен комиссияның (бұдан әрі - Бірлескен комиссия) негізгі міндеті Шанхай ынтымақтастық ұйымына мұше мемлекеттердің ұқіметтері арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) орындалуына мониторинг жасау және оны тиімді қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

**2-тармақ**

Бірлескен комиссия мынадай міндеттер мен функцияларды орындаиды:

1) Келісімнің ережелерін келісімді және дәйекті қолдану үшін қызметке мониторинг жасау және оны үйлестіру және Келісімді іске асыру барысында туындастын мәселелерді шешу;

2) Тараптардың кейіннен бекітуі үшін Келісімге жатқызылатын мемлекеттік шекаралар арқылы өтетін маршруттарға және/немесе өткізу пункттеріне қатысты толықтыруларды және/немесе өзгерістерді қарau;

3) халықаралық автомобиль тасымалдарына қатысты мынадай мәселелер бойынша шешімдерді талқылау және қабылдау, оның ішінде: рұқсаттар квотасы және оны айқындау әдісі; рұқсаттардың мазмұнын, пішімін, дайындау, тарату тәсілдерін және пайдалану қағидаларын өзгерту;

4) рұқсаттарды пайдалану практикасын талдау және рұқсат беру жүйесінің жұмыс істеуі туралы есептерді дайындау;

5) Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына Тараптар мемлекеттері әрқайсысының халықаралық автомобиль тасымалдарына қатысты заңнамасы және қағидалары туралы, олардағы өзгерістер туралы ақпаратпен, сондай-ақ басқа да ақпаратпен алмасуына жәрдемдесу;

6) қауіпті жүктердің тізбелерімен және Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына сәйкес тасымалдау шарттары туралы ақпаратпен алмасу;

7) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру жағдайларын жақсарту жөнінде ұсыныстар өзірлеу;

8) Келісімге қатысатын мемлекеттерге халықаралық автомобиль тасымалдары үшін қолайлы жағдайлар жасауга бағытталған халықаралық конвенцияларға қосылуға, сондай-ақ аталған конвенцияларды қолдануға жәрдемдесу;

9) Тараптар мемлекеттерінің аумақтарын жалғастыратын автокөлік дәліздерін дамытуға бағытталған бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қарau;

10) Келісімге қатысты басқа да мәселелерді талқылау.

### **3-тармақ**

Бірлескен комиссия Тараптар мемлекеттерінің әрбір құзыретті органының бір өкілінен және бір орынбасарынан тұрады.

### **4-тармақ**

Бірлескен комиссияға Тәрағалық ету жыл сайын бір Тараптан екінші тарапқа орыс әліпбійне сәйкес әліпбилік тәртіппен өтіп отырады.

## **5-тармақ**

Бірлескен комиссияның отырыстарына Тараптар мемлекеттерінің өкілдері және (немесе) олардың орынбасарлары, отырыстың күн тәртібі ескеріле отырып Тараптар мемлекеттерінің өкілдері шақырған Тараптар мемлекеттерінің басқа да тиісті ведомстволарының, Шанхай ынтымақтастық ұйымы Хатшылығының өкілдері, сондай-ақ Бірлескен комиссияның мүшелерімен келісу арқылы Бірлескен комиссияның төрағасы шақырған тиісті халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысады.

## **6-тармақ**

Бірлескен комиссияның отырыстарында шешімдер ымыраға келу негізінде отырыс хаттамалары нысанында қабылданады. Отырыс хаттамаларының түпнұсқалары Келісімнің депозитарийінде сақталады.

## **7-тармақ**

Бірлескен комиссияның отырысы жылына бір рет өткізіледі. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша және басқа Тараптардың келісімімен кезектен тыс отырыс өткізуі мүмкін.

## **8-тармақ**

Тұрақты жыл сайынғы отырыстар, әдетте, Бірлескен комиссияның төрағасы болып табылатын Тарап мемлекетінің аумағында өткізіледі. Кезектен тыс отырыстардың өткізілетін уақыты мен орны алдын ала уағдаласу арқылы айқындалады.

## **9-тармақ**

Бірлескен комиссияның отырыстары Шанхай ынтымақтастық ұйымының ресми тілдерінде жүргізіледі.